



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

2 маусым 2021 жыл

№: AIFC-C/SCC/2021/001 ic

ДАУЛЕТОВ АЗАМАТ ХАЛИБАЕВИЧ

Талап қоюшы

және

«GRUPPO RF KAZAKHSTAN» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ

Соттың Судьясы:

Судья Патрисия Эдвардс

1. Осы талапты «GRUPPO RF KAZAKHSTAN» ЖШС жұмыскерлерінің» атынан өкілдік етеді дер мәлімделіп отырған Даулетов Азамат Халибаевич берді. Талап арыз 2021 жылғы 20 қаңтарда берілді және Жауапкерге табыс етілді.
2. АХҚО Соты Қағидаларының 28.12 бабына сәйкес, Жауапкер 2021 жылғы 3 ақпанға дейін талап арызды мойындауы, талап арыз бойынша наразылық беруі немесе Соттың юрисдикциясын даулауы тиіс болған. 2021 жылғы 9 ақпанда Жауапкер мерзімді талап арыз бойынша наразылық беру үшін 2021 жылғы 11 ақпанға дейін ұзарту туралы өтініш берді. Жауапкерге мұндай мүмкіндік берілді және талап арыз бойынша наразылық 2021 жылғы 11 ақпанда берілді және табыс етілді.
3. 2020 жылғы желтоқсанға дейін жұмыскерлер Қазақстанда салынып жатқан химия зауытында жұмыс істеді. Жауапкердің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы Өкімімен олар жұмыстан шығарылған. Алайда Талап қоюшы оларға жалақы төленбегенін мәлімдейді. Сөз «2020 жылғы қараша және желтоқсан үшін жұмыскерлер алдындағы берешектер» туралы болып отыр. Талап қоюшы дауды тыңдау өткізусіз жазбаша нысанда қарауды сұрады.
4. Жұмыскерлер тобы мен Жауапкер медиация туралы 2020 жылғы 20 желтоқсандағы шартты жасасты. Медиацияны 2020 жылғы 21 желтоқсанда өткізгеннен кейін болжамды медиациялық келісімге қол қойылды. 6 (2) тармақта былай делінген: «2020 жылғы 22 желтоқсанда 1-тарап [Жауапкер] 2-тарапқа қараша - желтоқсан айлары кезеңі үшін жалақы бойынша берешекті төлеуге және 2020 жылғы пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақыларды төлеуге міндеттенеді». Медиациялық келісімнің 3-тармағында АХҚО Сотының айрықша юрисдикциясы туралы ереже бар.
5. Талап арызға сәйкес, 2020 жылғы 22 желтоқсандағы кездесуде Жауапкердің басшысының (Вальтер Рива Камбриноның) өтініш етуі бойынша жұмыскерлер борышты төлеу мерзімі 2020 жылғы 25 желтоқсанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкіндігімен келісті.
6. Талап арыз бойынша наразылықта мынадай негіздемелер көрсетілген:
 - (1) Медиациялық келісім міндетті шарт болып табылмайды, өйткені барлық елеулі элементтер бойынша келісуге қол жеткізілген жоқ. Жауапкер келісімде тиісті жұмыскерлердің аты-жөндері, оларға тиесілі сомалар немесе борышты төлеудің мерзімі көрсетілмейтіні фактісіне сілтеме жасайды.
 - (2) Талап қоюшы оның қызметкерлер атынан әрекет ету құқығын растайтын құжаттарды берген жоқ.
 - (3) «Тараптардың қолдары» парағына Жауапкердің басшысының қолы қойылмаған.
 - (4) Жауапкердің басшысы орыс тілінде сөйлемейді және келісім «жағдайды шешу ниеттері туралы меморандум» болған деп санайды.

7. АХҚО Соты Қағидаларының 28.12 бабына сәйкес Талап қоюшы Талап арыз нысанында талаптың дәл сомасын көрсетуі тиіс. Талап қоюшы мұны істеген жоқ. Солай бола тұра, сот қағиданың орындалмауын дұрыстау туралы (3.4 бап) қаулы шығара алады және негізгі мақсатқа сәйкес (1.6 бап) сот істі жедел түрде, пропорционалды және әділ қарау үшін мұндай шараны бұл жағдайда пайдалану мақсатқа сай деп санады. Тиісінше, 2021 жылғы 16 ақпанда мен Жауапкердің талап арызда көрсетілген жалақыны алуға таласы бар барлық жұмыскерлеріне немесе бұрынғы жұмыскерлеріне әр адамға қатысты оның атын, талап етілетін соманы көрсетіп және талап қоюшы ретінде қатысуға келісімін беретін қолын қойып, кестеде олардың аты-жөндерін көрсетуді бұйырдым.
8. Бұйрықтың 2-тармағында тізбеде көрсетілген әрбір адам талап қоюшы ретінде осы талап арызға тартылатыны көзделген. АХҚО Соты Қағидаларының 12-бөлімінде тараптардың мүдделері бірдей болған жағдайларда (12.18 бап) немесе орын алып отырған іс қарауға Соттың бастамасы бойынша немесе бар немесе ықтималды тараптың арызы бойынша (12.2 бап) қосылуы мүмкін тараптар үшін өкілдердің талап қою мүмкіндігі көзделген. Бұл қағидалар Ұсақ Даулар Сотына тікелей қолданылмайды (28.7 бап). Алайда Сот істің тиісінше қаралуы үшін мақсатқа сай шаралардың барлығын қабылдауға құқылы (3.1 бап) және өз өкілеттіктерін өз бастамасы бойынша жүзеге асыра алады (3.5 бап). Мен бұл істің тиісінше қаралуы үшін барлық тиісті жұмыскерлерді талап қоюшылар ретінде біріктіру және олардың талаптарының мөлшерін көрсету мақсатқа сай деп таптым.
9. Бұдан басқа, талап арыз бойынша наразылықты табыс еткеннен кейін, Сот тараптардан олардың ісі бойынша қосымша ақпарат беруді және олар сүйенуге ниетті кез келген қосымша дәлелдерді ұсынуды талап ете алады (28.25 бап). Талап арыз бойынша наразылықта көтерілген кез келген мәселелер мен талап арызбен байланысты ұсынылуы тиіс қосымша ақпарат тұрғысынан, мен әрбір тараптың өз ісі бойынша қосымша ақпарат пен дәлелдер беру мүмкіндігі болуы мақсатқа сай деп санадым. Сонымен, 2021 жылғы 16 ақпандағы бұйрықпен әрбір тарапқа қосымша материалдар мен дәлелдер беру және ұсыну мүмкіндігі берілді.
10. Тараптарға 2021 жылғы 16 ақпандағы бұйрықпен байланысты мәлімдемелер жасау мүмкіндігі берілмегендіктен, 5-тармақта олардың 3.8 бапқа сәйкес бұйрық табыс етілген күннен бастап 7 күн ішінде оның күшін жою, оны өзгерту немесе тоқтата тұру туралы өтініш бере алатыны қарастырылды. Мұндай өтініштер келіп түскен оқ.

2021 жылғы 20 сәуірдегі бұйрық

11. 2021 жылғы 16 ақпандағы бұйрыққа сәйкес ешқандай графиктер немесе басқа да құжаттар берілген жоқ. 2021 жылғы 20 сәуірде мен ұқсас талапшарттармен тағы бір бұйрық шығардым. Алайда бұл бұйрықта егер 2021 жылғы 4 мамырға кесте (әрбір талап қоюшының аты-жөнін, талап етілетін соманы және талап қоюшы ретінде қосуға келісім беретін олардың қолын қоса) берілмесе, онда талап арыз қабылданбайтыны көзделген. Бұл мерзім талап арызды қарау басталғаннан кейін үш айдан аса уақыттан соң таусылды. Бұл шағын талап арыз үшін айтарлықтай кезең. Талап етілген ақпарат Жауапкердің ол кездескелі отырған істің мәнісін түсінуі және тиісінше түрде және сәйкесінше жауап бере алатындай болуы үшін қажет болды. Оның үстіне, бұйрықтың күшін жою, оны өзгерту немесе тоқтата тұру үшін тараптардың кез келгенінің 7 күн ішінде өтініш беру құқығы бұйрықта тікелей көрсетілген.

12. 2021 жылғы 4 мамырда Талап қоюшы 107 жұмыскердің тізімі бар жұмыс уақытын есепке алу табелін және жұмыскелердің бірінің еңбек шартының көшірмесін берді. Ол жалақы төлеу туралы талапты сандық түрде 15,762,586.02 теңге мөлшерінде бағалады. Бұл шамамен 37 000 АҚШ долларына баламалы. Алайда қосымша ұсынылған талап қоюшылардың бір де бірі бұл істе талап қоюшы ретінде қатысуға келісім беретін өз қолын қойып берген жоқ.
13. Жауапкер жауап берген жоқ және ешқандай қосымша құжаттар берген жоқ.

Қорытынды

14. Талап қоюшылардың саны мен жеке тұлғаларын, сол сияқты талап етіліп отырған соманы қоса, графикке енгізілуі тиіс болған ақпарат Жауапкердің ол кездескелі отырған істі түсінуі үшін қажетті абсолютті минимум болып табылады. Ол 2021 жылғы қаңтарда талап арызды қараудың басында берілуі тиіс болатын. Мұнсыз Жауапкер талап арызға тиісінше түрде және сәйкесінше жауап бере алмайды. Сәйкесінше жауап ұсақ даулар бойынша іс қараудың барлық тараптар көтеретін шығындарды барынша азайтуға бағытталған мәнмәтінінде әсіресе маңызды. Бұдан басқа, егер дау тиісінше түрде рәсімделмесе, тараптардың оны реттеуі өте қиын.
15. Сотта істің қаралуы формалды процесс болып табылады және талап қоюларды оларды беріп отыр деп мәлімделген тараптардың мақұлдағанына Соттың сенімді болуы маңызды. Ықтималды тараптың талап арыз бойынша талап қоюшы болуға қол қойып келісімін беруінің маңыздылығы Қағидалардың 12-бөлімінде баса көрсетілген, ол Ұсақ Даулар Сотында тікелей қолданылмағанымен, тараптарды өндіріске қосуға қатысты. Ол егер өзінің келісімін жазбаша нысанда бермесе, талап қоюшы ретінде ешкім де қосыла алмайтынын көздейді және бұл келісім Сотқа берілді.
16. 2021 жылғы бұйрықта егер толық график 2021 жылғы 4 мамырға берілмесе, онда талап арыздың одан әрі қарай бұйрық берусіз қайтарылып тасталатыны көзделген. Талап қоюшылар ретінде қосылуға келіскен болжамды қосымша талап қоюшылардың ешқандай қойылған қолдары берілмегендіктен, талап арыз қазіргі уақытта қайтарылып тасталынды.
17. 26.9 бапқа сәйкес мен шығыстарға қатысты қандай да бір бұйрықтар шығару мақсата сай деп санамаймын.

Ұсақ Даулар Соты қабылдады,